

«Алтын қазына» көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының облыстық көрме-конкурсын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Облыстық көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының «Алтын қазына» көрме-конкурсын (бұдан әрі – Көрме-конкурс) өткізу ережелері, оның мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім алушылардың көркем, шығармашылық қабілеттерін дамыту, тәрбие беру және тұлғаны бұдан әрі үйлесімді дамыту бойынша жүйелі және мақсатты қызмет жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға араластыру.

3. Міндеттері:

1) білім алушыларды көркемдік өнерге, тарихи мұраға араластыру, оларды белсенді шығармашылық қызметке тарту, оларды әлеуметтендіру;

2) бала тұлғасының шығармашылығын, оның әлемді эмоциямен қабылдаудағы эстетикалық сезімін дамыту;

3) балалар шығармашылығының көркем және қолданбалы-сәндік өнеріне деген қызығушылықтарын дамыту;

4) заманауи сәндік-қолданбалы өнердегі халық дәстүрін сақтау және елдің мәдени-тарихи мұрасын арттыру;

5) балалардың бойында патриотизм, Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың ұлттық мәдениетіне, халықтық дәстүрлеріне, халықтардың салтына деген құрмет және ұқыпты көзқарасты тәрбиелеу;

6) шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог жұмысшыларды ақпараттық қолдау, ұжымдар арасындағы шығармашылық байланыстарды кеңейту және қолданбалы-сәндік өнері саласында балалармен жұмыс жүргізу үшін білім беру ұйымдарының педагогтері арасында тәжірибе алмасу;

7) балаларды іс-шараларға араластыру арқылы оларды қосымша білім берумен қамтуды кеңейтуге ықпал ету.

4. Қазылар алқасының құрамын Павлодар облысының білім беру басқармасы қалыптастырады.

2. Көрме-конкурсты өткізудің уақыты мен орны

5. Көрме-конкурс 2019 жылы 28 қараша күні Павлодар қаласы М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайында өткізіледі

6. Павлодар облысының қалалық және аудандық білім беру бөлімдері басшыларының қолы қойылған қатысуға өтінімдер (1.1 қосымша) 2019 жылғы 18-22 қараша аралығында мына мекенжай бойынша қабылданады:

140000 Павлодар қ., 1 Май көшесі 27 «М.Катаев атындағы Облыстық Оқушылар сарайы» e-mail:yelena-mirzoyan@bk.ruт. 87714762917

Өтінімге қоса: қалалық немесе аудандық көрме-конкурстарының жеңімпаздары көрсетілген қазылар алқасы шешімінің көшірмесі.

3. Көрме-конкурсының қатысушылары

7. Көрме-конкурсқа балалар шығармашылығы көрмелерінде орындаудың түрлі жанрлары, техникалары және материалдары бойынша жеңімпаз атанған облыстың мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының және жалпы білім беретін мектептердің 11-17 жастағы(18 дейінгі) білім алушылардың жұмыстары және қалалық, аудандық көрмелерде жүлделі орын алған жұмыстар қабылданады. Жұмыстар авторлық (жеке) болуы қажет.

Көрме-конкурсына төмен көркемдік деңгейде орындалған жұмыстар қабылданбайды.

4. Көрме-конкурсын өткізудің тәртібі мен шарттары

8. Бұқаралық іс-шараларға қатыстыру арқылы көркем, сәндік-қолданбалы шығармашылықты дәріптеу, балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру мақсатында Көрме-конкурсы екі кезеңде өткізіледі.

1) бірінші кезең (іріктеу) – қалалық және аудандық: аталған номинациялар бойынша бұдан әрі балалар шығармашылығының облыстық көрмесіне қатысу үшін үздік жұмыстарды анықтау мақсатында 1,2,3 орындар белгілеп, балалар шығармашылығының қалалық және аудандық көрмесін өткізу.

2) ережеде көрсетілген номинациялар бойынша үздік жұмыстарды анықтау облыстық Көрме-конкурсына өткізуөтінімдер қабылдау 2019 жылғы 18-22қараша аралығында қабылданады. Экспонаттарды жеткізу 2019 жылғы 25-26қараша (көрмені монтаждау өз күшімен жүргізіледі, өзімен керекті құралдар болуы тиіс). Қазылар алқасының жұмысы –27қараша, Көрме-конкурсыныңжеңімпаздардын марапаттау рәсімі – 2019 жылғы28 қараша.

9. Көрменің бірінші (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімі аудандық (қалалық) білім беру бөлімдері басшыларының бұйрығымен анықталады.

Көрме-конкурсына әр қатысушыдан әр номинация бойынша 5 жұмысқа дейін қабылданады:

1) *тоқыма бұйымдарын жасау: тоқымашылық, кестелеу, батик, гобелен, тоқыма, сәндік ойыншық, коллаж, макраме, фриволите, шілтер, құрақ пластикасы, тері, бисер, илеу;*

2) *ағашты, сүйекті теріні көркемдеп өңдеу: көлемді және тегіс кесу, рельеф, безендіру, ағашқа сәндей жазу, қайың қабығынан жасалған бұйымдар;*

- 3) шыныны көркемдеп өңдеу: витраж, зергерлік бұйымдар;
- 4) металлды көркемдеп өңдеу: шағын формалардың мүсіні, зергерлік бұйымдар, бедер салу, соғу;
- 5) саздан (қыш) халық ойыншықтарын, шағын формадағы мүсіндерді жасау, сабан, тоқыма, ағаш;
- 6) ұлттық ою-өрнегі бар халықтық киімдердің үлгісін жасау;
- 7) қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, изонить, квиллинг, папье-маше.
- 8) бейнелеу өнері (кескіндеме, графика, аралас техника, түрлі-түстіқарындаштар, фломастерлар, тушь, гуашь)

Суреттердің өлшемі А3. Суреттерді ресімдеу ақ қағазда, төлқұжаттың өлшемі 3х3х3х4 см.

10. Жұмыстардың ілеспе заттаңбасы (этикеткасы) болуы тиіс: жұмыстың аталуы, автордың тегі, аты, жасы, орындау техникасы, білім беру ұйымының аталуы.

Жұмыстар көрсетілім үшін толығымен дайын болуы тиіс (ілгіштер: жиектері, ілмектері, тірегіштері және тағы басқаларының болуы).

11. Конкурстық жұмыстар келесі өлшемдермен бағаланады:

жұмыстың көрме номинациясына сәйкестігі; ұлттық дәстүрлерді сақтау және қолдану; жұмыстың орындалу сапасы және көркемдік деңгейі; ерекшелігі; бұйымның стильдік, көркемдік және образдық шешімінің тұтастығы.

12. Көрме жұмыстары конкурс өлшемдеріне сәйкес 10 баллдық жүйемен кәсіби қазылар бағалайды. Қазылар алқасының шешімдері хаттамамен ресімделеді.

13. Әр номинация бойынша бір 1-орын, бір 2 және бір 3-орын беріледі. Үздік жұмыс бас жүлдеге ие болады.

5. Конкурс қатысушыларын марапаттау

14. Жеңімпаздар дипломмен, бағалы сыйлықтармен марапатталады. Көрмеде жүлделі орын алмаған қатысушыларға сертификаттар беріледі. Көрме-конкурсының жеңімпаздарын дайындаған педагогтерге алғыс хаттар табысталады немесе жіберіледі.

15. Конкурстың қазылар алқасы дипломдардың барлығын бермеуге құқылы.

Қазылар алқасының шешімі өзгертілмейді.

6. Конкурсты қаржыландыру

16. Павлодар облысының Білім беру басқармасы.

**«Алтын қазына» балалар шығармашылығының көркем және
сәндік- қолданбалы өнер бойынша облыстық конкурс-көрмесіне
қатысуға
ӨТІНІМ**

№ к/с	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты(толық)	Туған күні, айы, жылы	Тұратын жері, (облыс, қала, ауыл, телефон)	Білім беру мекемесі, сыныбы, курсы	Қызығушылықтары бойынша қатысушы оқитын ұйым және бірлестік	Номинацияның аталуы	Жұмыстың аталуы	Жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты (толық), байланыс телефоны

Өтінім қалалық немесе аудандық білім беру ұйымы басышысының қолы және мөрімен куәландырылады